



БҰЙРЫҚ

2022 ж. 27.08

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 618 - 09

город Нур-Султан

«ҚазСтандарт» РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңына және «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығына сәйкес, «ҚазСтандарт» РМК-да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және оларға қарсы іс-қимыл мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «ҚазСтандарт» РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулығы (бұдан әрі – Нұсқаулық) қосымшаға сәйкес бекітілсін;
2. Стратегиялық даму және ғылым департаменті «ҚазСтандарт» РМК-ның барлық қызметкерлерін және қабылданатын қызметкерлерді Нұсқаулықпен таныстырсын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Бас директордың м.а.

Ж. Бегайдаров



БҰЙРЫҚ

27.08.2022

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 618-00

город Нур-Султан

Об утверждении Инструкции по противодействию коррупции РГП «КазСтандарт»

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года №410-V РК «О противодействии коррупции» и Указа Президента Республики Казахстан от 2 февраля 2022 года №802 «Об утверждении Концепции антикоррупционной политики Республики Казахстан на 2022 - 2026 годы», в целях предупреждения и противодействия коррупционных правонарушений в РГП «КазСтандарт», **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить Инструкцию по противодействию коррупции РГП «КазСтандарт» (далее – Инструкция) согласно приложению.
2. Департаменту стратегического развития и науки обеспечить ознакомление всех работников РГП «КазСтандарт» и принимаемых работников с Инструкцией.
3. Контроль за исполнением настоящего приказа оставляю за собой.
4. Настоящий приказ вступает в силу со дня подписания.

И.о.генерального директора

Ж.Бегайдаров

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және метрология институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулығы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық сыбайлас жемқорлық сипатындағы жағдай туындаған жағдайда Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және метрология институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – «ҚазСтандарт» РМК) қызметкерлерінің іс-қимылын нақтылайды.

2. Нұсқаулықта қолданылатын негізгі ұғымдар мен анықтамалар:

1) сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі.

3) коммерциялық параға сатып алу – коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамға ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге де мүлікті заңсыз беру, сол сияқты өзінің қызмет бабын пайдаланғаны үшін, сондай-ақ параға сатып алуды жүзеге асыратын адамның мүддесі үшін қызметі бойынша жалпы қамқорлығы немесе салғырттығы үшін оған мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету.

4) лауазымды адам – тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды

орындайтын адам, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген адамдар.

5) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам – жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адам; Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттардың депутаттығына, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органының мүшелігіне кандидаттар ретінде тіркелген азамат; жергілікті өзін-өзі басқару органында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет қаражатынан жүргізілетін қызметші; мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам, сондай-ақ сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу бойынша шешімдер қабылдауға уәкілеттік берілген не мемлекеттік бюджеттің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатынан қаржыландырылатын жобаларды іріктеу мен іске асыруға жауапты, көрсетілген ұйымдарда дербес құрылымдық бөлімшенің басшысынан төмен емес лауазымды атқаратын адам, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен оның ведомстволарының қызметшілері, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның қызметшілері; Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс істейтін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметшілері;

6) мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

7) пара - лауазымды адам қабылдайтын материалдық құндылықтар (заттар немесе ақша) немесе пара берушінің мүддесіне орай осы адамның өзінің қызмет жағдайына байланысты жасай алатын немесе жасауға тиіс іс-әрекеті (немесе әрекетсіздігі) үшін қандай да бір мүліктік пайда немесе көрсетілген қызмет;

8) параны бопсалау – адамның пара берушінің немесе оның атынан өкілдік ететін адамдардың заңды мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін әрекеттер жасау қатерін төндіріп параны талап етуі не құқық қорғау мүдделері үшін зиянды салдарлардың алдын алу мақсатында оның пара беруіне мәжбүр ететін жағдайларды қасақана жасауы.

2. Пара беру және алу

3. Қазақстан Республикасында пара алу және беру іс-қимылдары заңға қайшы және Қылмыстық кодекс пен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің қолданылу аясына жатады. Егер ақша, өзге мүлік, материалдық қызмет көрсету түріндегі мүліктік пайда лауазымды адамның келісімімен оның туыстары мен жақындарына берілсе не егер ол бұған қарсылық білдірмесе және өзінің қызметтік өкілеттігін пара берушінің пайдасына пайдаланса, лауазымды адамның іс-әрекетін пара алу деп саралануы керек. Өтеусіз көрсетілетін, бірақ төлеуге жататын мүліктік сипаттағы пайда (туристік жолдамалар беру, пәтерді жөндеу, саяжай салу және т.б.) ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес ақшамен, бағалы қағаздармен және өзге де мүлікпен қатар, пара алу және коммерциялық сатып алу нысанасы болуы мүмкін. Атап айтқанда, берілетін мүліктің, жекешелендірілетін объектілердің құнын төмендетуді, жалдамалық төлемдерді азайтуды, банк несиелерін пайдаланғаны үшін пайыздық мөлшерлемелерді түсіруді мүліктік сипаттағы пайда деп ұғыну керек.

4. Пара алу және пара беру, бір қылмыстық модельдің екі түпкілікті жағы, егер пара туралы сөз қозғалатын болса, бұл пара алатын (пара алушы) және оны беретін (пара беруші) бар екенін білдіреді. Пара алу кезінде делдалдық болуы мүмкін.

5. Пара алу – бұл әсіресе, егер оны адамдар тобы жасаса немесе бопсалау арқылы бірге жүрсе, лауазымды адамның заңды немесе заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін артықшылықтар мен пайда алудан тұратын ең қауіпті лауазымдық қылмыстардың бірі.

6. Пара беру – лауазымды адамды заңды немесе заңсыз әрекеттер (әрекетсіздік) жасауға көндіруге, не берушінің пайдасына, оның ішінде жалпы қамқорлығы немесе қызмет бабында салғырттық үшін қандай да бір артықшылықтар беруге, алуға бағытталған қылмыс.

7. Делдалдық – паракорлыққа делдал болу, яғни пара алушы мен пара берушіге олардың арасында пара алу және беру туралы келісімге қол жеткізуге немесе оны іске асыруға ықпал ету.

8. Мыналар пара бола алады:

1) заттар – ақша, оның ішінде валюта, банктік чектер және бағалы қағаздар, бағалы металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, автомашиналар, тамақ өнімдері, бейнетехника, тұрмыстық аспаптар және басқа да тауарлар, пәтерлер, саяжайлар, қала сыртындағы үйлер, гараждар, жер учаскелері және басқа да жылжымайтын мүлік;

2) көрсетілетін қызметтер мен пайдалар – емдеу, жөндеу және құрылыс жұмыстары, санаторийлік және туристік жолдамалар, шетелге сапарлар, ойын-сауық және басқа да шығыстарды өтеусіз немесе төмендетілген құнмен төлеу;

3) параның бүркемеленген (әдейі жасырылған) түрі – қарызға алынған немесе жоқ борышты өтеу түріндегі банктік несие, төмен бағамен сатып алынған тауарларды төлеу, тауарларды жоғары бағамен сатып алу, пара алушыға, оның туыстарына, достарына жалақы төленетін жалған еңбек шарттарын жасасу, жеңілдікті кредит алу, дәрістер, мақалалар және кітаптар үшін қаламақылардың бағасын арттыру, казинодағы «кездейсоқ» ұтыс, қарызды кешіру, жалдау ақысын азайту, кредит бойынша пайыздық мөлшерлемелерді арттыру және т.б.

9. Мүдделер қақтығысын болғызбау немесе реттеу туралы шектеулерді, тыйым салуларды және талаптарды, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру мақсатындағы өтініштер туралы жалдаушының (жұмыс берушінің) өкілін хабардар ету міндетін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында белгіленген өзге де міндеттерді сақтау маңызды. Кейбір сөздерді, сөз өрнектері мен ымдау қимылдарын айналадағылар пара беру туралы өтініш (ишара) ретінде қабылдауы мүмкін екенін атап өту керек. Мұндай сөз өрнектеріне, мысалы, мыналар жатады: «Мәселені шешу қиын, бірақ шешуге болады», «Құрғақ қасық ауыз жыртады», «Келісеміз», «Мұнан да күштірек дәлелдемелер қажет», «Параметрлер туралы талқылау керек», «Ал, енді не істейміз?» және т.б.

Ұйымдардың өкілдерімен және азаматтармен, әсіресе лауазымды тұлғалардың шешімдері мен іс-әрекеттеріне пайдасы тәуелді адамдармен белгілі бір тақырыптарды талқылау пара беру туралы өтініш ретінде де қабылдануы мүмкін. Мұндай тақырыптардың қатарына, мысалы, мыналар жатады:

- 1) жалақының төмен деңгейі және қандай да бір мұқтаждықтарды іске асыруға ақша қаражатының жетіспеуі;
- 2) қандай да бір мүлікті сатып алу, қандай да бір көрсетілетін қызметке қол жеткізу, туристік сапарға шығу ниеті;
- 3) лауазымды тұлғаның туысқандарында жұмыстың болмауы;
- 4) лауазымды тұлғаның балаларының білім беру мекемелеріне түсу қажеттілігі және т.б.

Лауазымды адамнан келетін белгілі бір ұсыныстар, әсіресе егер олар ұйымдардың өкілдеріне және олардың шешімдері мен әрекеттеріне пайдасы тәуелді азаматтарға бағытталған болса, пара беру туралы өтініш ретінде қабылдануы мүмкін. Бұл тіпті мұндай ұсыныстар жақсы ниетпен туындаған және шенеуніктің жеке пайдасына байланысты болмаған жағдайда да мүмкін. Мұндай ұсыныстар қатарына, мысалы, мынадай ұсыныстар кіреді:

- 1) лауазымды тұлғаға және (немесе) оның туыстарына жеңілдік беру;
- 2) анықталған бұзушылықтарды жою, мемлекеттік келісімшарт шеңберінде жұмыстарды орындау, қажетті құжаттарды дайындау үшін нақты бір компанияның және (немесе) сарапшылардың қызметтерін пайдалану;
- 3) нақты бір қайырымдылық қорына ақша салу;
- 4) нақты бір спорт командасын қолдау және т.б.

10. Пара беру ұсынысының кейбір жанама белгілері:

1) ықтимал пара туралы әңгіме астарлы сипатта болады, пара берушінің сөзі даулы мәселе оң шешілген жағдайда ол оған ақша беретіні немесе қандай да бір қызмет көрсететіні туралы ашық мәлімдемелері жоқ жай сөйлемдерден тұрады, бұл ретте ешқандай қауіпті сөздерге жол берілмейді;

2) әңгімелесу барысында пара беруші куәгерлер немесе аудио, бейнетехника болған кезде, ыммен немесе ишара арқылы бұл мәселені басқа жағдайда (басқа уақытта, басқа жерде) шешу мүмкіндіктерін талқылауға дайын екендігін білдіреді;

3) параның сомасы немесе сипаты дыбыстап айтылмайды, сонымен бірге тиісті сандар қағаз парағына жазылуы, калькуляторға немесе компьютерге терілуі және әлеуетті пара алушыға көрсетілуі мүмкін;

4) пара беруші күтпеген жерден әңгімені үзіп, осы кезде материалдар салынған папканы, конвертті, портфельді, түйіншекті қалдырып, сыпайы сылтау айтып үй-жайдан шығып кетуі мүмкін;

5) пара беруші мәселені шешуге тікелей қатысы жоқ басқа адамға байланысты жалғастыра беруді бағыттауы мүмкін.

11. Сыбайлас жемқорлық бағытындағы және коммерциялық параға сатып алудың ықтимал жағдайлары, сондай-ақ тәртіп қағидалары бойынша ұсынымдар.

Арандату:

Көрсетілетін қызметке жүгінген азаматтар, бөлімше қызметін тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар тарапынан ықтимал арандатуларды болдырмау үшін:

1) ішінде келушілер бар қызметтік үй-жайларды және жеке заттарды (киім, портфель, сөмке және т.б.) қараусыз қалдырмау;

2) келуші кеткен соң жұмыс орнында немесе жеке заттарында қандай да бір бөгде заттар табылған жағдайда, ешқандай дербес іс-әрекет жасамай, дереу басшылыққа мәлімдеу.

Пара бопсалау:

1) дайындалып жатқан қылмыс туралы жазбаша немесе ауызша хабарламамен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға не 1424 Call-орталығына жүгіну;

2) бопсалау фактісі туралы басшылыққа жазбаша немесе ауызша баяндау.

12. Мүдделер қақтығысы:

1) мүдделер қақтығысының кез келген мүмкіндігіне мұқият қарау;

2) мүдделер қақтығысы туындауының кез келген мүмкіндігіне жол бермеу бойынша шаралар қабылдау;

3) туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы Сізге белгілі болған сәтте өзіңіздің тікелей бастығыңызға жазбаша нысанда хабарлау;

4) тікелей басшының келісімі бойынша туындаған мүдделер қақтығысын еңсеру бойынша шаралар қабылдау;

5) мүдделер қақтығысы тарапы болып табылатын қызметкердің қызметтік жағдайын белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетілгенге дейін және (немесе) мүдделер қақтығысының туындауына себеп болған пайдадан бас тартқанда өзгертуге құқылы;

6) қызметтік тәртіпті сақтау және мүдделер қақтығысын реттеу жөнінде комиссия құру. Әрбір адам өз шешімін еркін таңдай алады. Бірақ еркін адам ретінде ол қылмыстың жазалануға тиістігін түсінбеуі мүмкін емес.

3. Пара беру немесе бопсалау жағдайындағы сіздің әрекеттеріңіз

13. Пара ұсынған немесе бопсалау жағдайында:

1) пара беруші (пара бопсалаушы) тарапынан параны қабылдауға (беруген) дайын немесе үзілді-кесілді бас тарту ретінде түсінілуі мүмкін асығыс сөздерге жол бермей, жағымпазданбай, өзін өте сақ, сыпайы ұстау;

2) сізге ұсынылған шарттарды мұқият тыңдау және есте сақтау (сома мөлшері, тауарлардың атауы және көрсетілетін қызметтердің сипаты, параны беру мерзімдері мен тәсілдері, сатып алу нысаны, мәселелерді шешу реттілігі);

3) параны беру уақыты мен орны туралы мәселені келесі әңгімеге дейін кейінге қалдыруға тырысу және келесі кездесу үшін өзіңізге жақсы таныс орын ұсыну;

4) әңгімелесу барысында бастама көтермеңіз, көбірек «қабылдауға жұмыс жасаңыз», әлеуетті пара алушыға (пара берушіге) «бәрін айтуға», сізге мүмкіндігінше көп ақпарат беруіне мүмкіндік беріңіз;

5) егер Сізде диктофон болса, пара беру немесе оны бопсалау туралы ұсынысты (жасырын) жазып алуға тырысу керек.

4. Пара ұсыну немесе бопсалау фактісі орын алғаннан кейінгі қызметкерлердің іс-қимыл алгоритмі

14. Қызметкер өз қалауы бойынша ауызша немесе жазбаша өтінішпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға немесе 1424 Call-орталығына хабарласа аласыз.

15. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық туралы хабарлау нысандарының бірі жасырын өтініш жасау болып табылады. Бұл жағдайда өтініш беруші анонимділікке байланысты жауап ала алмайды, ал қылмыс туралы жасырын өтініштің өзі, мұндай өтініште дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бар жағдайларды қоспағанда, қылмыстық іс қозғауға себеп бола алмайды.

16. Қызметкер параны немесе коммерциялық параға сатып алуды ұсыну (бопсалау) фактісі туралы жазбаша өтінішті ресімдеу кезінде мыналарды дәл көрсетуі қажет:

1) лауазымды тұлғалардың қайсысы (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, мекеменің атауы) пара ұсынды (бопсалады) немесе коммерциялық құрылымдардың өкілдерінің қайсысы параға сатып алуға итермелейді;

2) бопсаланатын параның (параға сатып алудың) сомасы мен сипаты қандай;

- қандай нақты әрекеттер (немесе әрекетсіздік) үшін пара ұсынады (бопсалайды) немесе коммерциялық параға сатып алу жасалады;

3) қай уақытта, қай жерде және қалай параны тікелей беру жүргізілуге тиіс немесе коммерциялық параға сатып алу жүзеге асырылуға тиіс;

4) заңнамамен белгіленген тәртіпте жолдау;

5) бұдан әрі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның нұсқауларына сәйкес әрекет ету.

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жүгінумен қатар «ҚазСтандарт» РМК қызметкерлері «ҚазСтандарт» РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - қызметіне жазбаша түрде хабарлауға тиіс. Бұл ретте қызметкерлер мүмкіндігіне қарай өздерінің дәлелдері бойынша

дәлелдемелік базаны (куәлар, құжаттар, хат алмасу, оның ішінде мессенджерлер арқылы, аудио және бейне материалдар және т.б.) ұсынады және оны алгоритмге сәйкес уәкілетті органға және басшылыққа береді.

Инструкция по противодействию коррупции Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Казахстанский институт стандартизации и метрологии» Комитета технического регулирования и метрологии Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан

1. Общие положения

1. Настоящая Инструкция детализирует действия работников Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Казахстанский институт стандартизации и метрологии» Комитета технического регулирования и метрологии Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан (далее - РГП «КазСтандарт») в случае возникновения ситуации коррупционного характера.

2. Основные понятия и определения, используемые в Инструкции:

1) коррупция – незаконное использование лицами, занимающими ответственную государственную должность, лицами, уполномоченными на выполнение государственных функций, лицами, приравненными к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций, должностными лицами своих должностных (служебных) полномочий и связанных с ними возможностей в целях получения или извлечения лично или через посредников имущественных (неимущественных) благ и преимуществ для себя либо третьих лиц, а равно подкуп данных лиц путем предоставления благ и преимуществ;

2) противодействие коррупции - деятельность субъектов противодействия коррупции в пределах своих полномочий по предупреждению коррупции, в том числе по формированию антикоррупционной культуры в обществе, выявлению и устранению причин и условий, способствующих совершению коррупционных правонарушений, а также по выявлению, пресечению, раскрытию и расследованию коррупционных правонарушений и устранению их последствий;

3) коммерческий подкуп - незаконная передача лицу, выполняющему управленческие функции в коммерческой или иной организации, денег, ценных бумаг или иного имущества, а равно незаконное оказание ему услуг имущественного характера за использование им своего служебного положения, а также за общее покровительство или попустительство по службе в интересах лица, осуществляющего подкуп;

4) должностное лицо – лицо, постоянно, временно или по специальному полномочию осуществляющее функции представителя власти либо выполняющее организационно-распорядительные или административно-хозяйственные функции в государственных органах, субъектах квазигосударственного сектора, органах местного самоуправления, а также в Вооруженных Силах, других войсках и воинских формированиях Республики

Казахстан, а также лица, приравненные к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций;

5) лицо, приравненное к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций - лицо, избранное в органы местного самоуправления; гражданин, зарегистрированный в установленном законом Республики Казахстан порядке в качестве кандидата в Президенты Республики Казахстан, депутаты Парламента Республики Казахстан или маслихатов, акимы городов районного значения, поселков, сел, сельских округов, а также в члены выборного органа местного самоуправления; служащий, постоянно или временно работающий в органе местного самоуправления, оплата труда которого производится из средств государственного бюджета Республики Казахстан; лицо, исполняющее управленческие функции в государственной организации или субъекте квазигосударственного сектора, а также лицо, уполномоченное на принятие решений по организации и проведению закупок, в том числе государственных, либо ответственное за отбор и реализацию проектов, финансируемых из средств государственного бюджета и Национального фонда Республики Казахстан, занимающее должность не ниже руководителя самостоятельного структурного подразделения в указанных организациях, служащие Национального Банка Республики Казахстан и его ведомств; служащие уполномоченной организации в сфере гражданской авиации, действующие в соответствии с законодательством Республики Казахстан об использовании воздушного пространства Республики Казахстан и деятельности авиации, служащие уполномоченного органа по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций;

6) конфликт интересов – противоречие между личными интересами лиц, занимающих ответственную государственную должность, лиц, уполномоченных на выполнение государственных функций, лиц, приравненных к ним, должностных лиц и их должностными полномочиями, при котором личные интересы указанных лиц могут привести к неисполнению и (или) ненадлежащему исполнению ими своих должностных обязанностей;

7) взятка – принимаемые должностным лицом материальные ценности (предметы или деньги) или какая-либо имущественная выгода или услуги за действие (или бездействие) в интересах взяткодателя, которое это лицо могло или должно было совершить в силу своего служебного положения;

8) вымогательство взятки – требование лицом взятки под угрозой совершения действий, которые могут причинить ущерб законным интересам взяткодателя или представляемых им лиц, либо умышленное создание таких условий, при которых он вынужден дать взятку с целью предотвращения вредных последствий для правоохраняемых интересов.

2. Дача и получение взятки

3. Действия по получению и даче взятки в Республике Казахстан противозаконны и подпадают под действие Уголовного кодекса и Кодекса об административных правонарушениях. В случае если имущественные выгоды в виде денег, иных имущества, оказания материальных услуг предоставлены родным и близким должностного лица с его согласия либо если он не возражал

против этого и использовал свои служебные полномочия в пользу взяткодателя, действия должностного лица следует квалифицировать как получение взятки. В соответствии с действующим в РК законодательством предметом взятки и коммерческого подкупа наряду с деньгами, ценными бумагами и иным имуществом могут быть выгоды имущественного характера, оказываемые безвозмездно, но подлежащие оплате (предоставление туристических путевок, ремонт квартиры, строительство дачи и т.п.). Под выгодами имущественного характера следует понимать, в частности, занижение стоимости передаваемого имущества, приватизируемых объектов, уменьшение арендных платежей, процентных ставок за пользование банковскими ссудами.

4. Получение взятки и дача взятки, то две исчерпывающие стороны одной преступной модели если речь идет о взятке, это значит, что есть тот, кто получает взятку (взяткополучатель) и тот, кто ее дает (взяткодатель). Возможно и посредничество во взятке.

5. Получение взятки – одно из самых опасных должностных преступлений, особенно если оно совершается группой лиц или сопровождается вымогательством, которое заключается в получении должностным лицом преимуществ и выгод за законные или незаконные действия (бездействие).

6. Дача взятки – преступление, направленное на склонение должностного лица к совершению законных или незаконных действий (бездействия), либо предоставлению, получению каких-либо преимуществ в пользу дающего, в том числе за общее покровительство или попустительство по службе.

7. Посредничество во взяточничестве, то есть способствование взяткополучателю и взяткодателю в достижении или реализации соглашения между ними о получении и даче взятки.

8. Взяткой могут быть:

1) предметы - деньги, в том числе валюта, банковские чеки и ценные бумаги, изделия из драгоценных металлов и камней, автомашины, продукты питания, видеотехника, бытовые приборы и другие товары, квартиры, дачи, загородные дома, гаражи, земельные участки и другая недвижимость;

2) услуги и выгоды- лечение, ремонтные и строительные работы, санаторные и туристические путевки, поездки за границу, оплата развлечений и других расходов безвозмездно или по заниженной стоимости;

3) замаскированная (завуалированная) форма взятки - банковская ссуда в долг или под видом погашения несуществующего долга, оплата товаров, купленных по заниженной цене, покупка товаров по завышенной цене, заключение фиктивных трудовых договоров с выплатой зарплаты взяточнику, его родственникам, друзьям, получение льготного кредита, завышение гонораров за лекции, статьи, и книги, «случайный» выигрыш в казино, прощение долга, уменьшение арендной платы, увеличение процентных ставок по кредиту и т.д.

9. Важно соблюдать ограничения, запреты и требования о предотвращении или о регулировании конфликта интересов, обязанность об уведомлении представителя нанимателя (работодателя) об обращениях в целях склонения к совершению коррупционных правонарушений, иные обязанности, установленные в целях противодействия коррупции. Следует отметить, что

некоторые слова, выражения и жесты могут быть восприняты окружающими как просьба (намек) о даче взятки. К таким выражениям относятся, например: «Вопрос решить трудно, но можно», «Спасибо на хлеб не намажешь», «Договоримся», «Нужны более веские аргументы», «Нужно обсудить параметры», «Ну, что делать будем?» и т.д.

Обсуждение определённых тем с представителями организаций и гражданами, особенно с теми из них, чья выгода зависит от решений и действий должностных лиц, может также восприниматься как просьба о даче взятки. К числу таких тем относятся, например:

- 1) низкий уровень заработной платы и нехватка денежных средств на реализацию тех или иных нужд;
- 2) желание приобрести то или иное имущество, получить ту или иную услугу, отправиться в туристическую поездку;
- 3) отсутствие работы у родственников должностного лица;
- 4) необходимость поступления детей должностного лица в образовательные учреждения и т.д.

Определённые исходящие от должностного лица предложения, особенно если они адресованы представителям организаций и гражданам, чья выгода зависит от их решений и действий, могут восприниматься как просьба о даче взятки. Это возможно даже в том случае, когда такие предложения продиктованы благими намерениями и никак не связаны с личной выгодой должностного лица. К числу таких предложений относятся, например, предложения:

- 1) предоставить должностному лицу и (или) его родственникам скидку;
- 2) воспользоваться услугами конкретной компании и (или) экспертов для устранения выявленных нарушений, выполнения работ в рамках государственного контракта, подготовки необходимых документов;
- 3) внести деньги в конкретный благотворительный фонд;
- 4) поддержать конкретную спортивную команду и т.д.

10. Некоторые косвенные признаки предложения взятки:

1) разговор о возможной взятке носит иносказательный характер, речь взяткодателя состоит из односложных предложений, не содержащих открытых заявлений о том, что при положительном решении спорного вопроса он передаст ему деньги или окажет какие-либо услуги, никакие опасные выражения при этом не допускаются;

2) в ходе беседы взяткодатель, при наличии свидетелей или аудио, видеотехники, жестах или мимикой дает понять, что готов обсудить возможности решения этого вопроса в другой обстановке (в другое время, в другом месте);

3) сумма или характер взятки не озвучиваются, вместе с тем соответствующие цифры могут быть написаны на листе бумаге, набраны на калькуляторе или компьютере и продемонстрированы потенциальному взяткополучателю;

4) взяткодатель может неожиданно прервать беседу и под благовидным предлогом покинуть помещение, оставив при этом папку с материалами, конверт, портфель, сверток;

5) взяткодатель может переадресовать продолжение контакта другому человеку, напрямую не связанному с решением вопроса.

11. Возможные ситуации коррупционной направленности и коммерческого подкупа, а также рекомендации по правилам поведения.

Провокации:

Во избежание возможных провокаций со стороны обратившихся за услугой граждан, должностных лиц, осуществляющих проверку деятельности подразделения:

1) не оставлять без присмотра служебные помещения, в которых находятся посетители, и личные вещи (одежда, портфели, сумки и: т. д.);

2) в случае обнаружения после ухода посетителя на рабочем месте или в личных вещах каких-либо посторонних предметов, не предпринимая никаких самостоятельных действий, немедленно доложить руководству.

Вымогательство взятки:

1) обратиться с письменным или устным сообщением о готовящемся преступлении в уполномоченный орган по противодействию коррупции либо в Call-центр 1424;

2) доложить письменно или устно руководству о факте вымогательства.

12. Конфликт интересов:

1) внимательно относиться к любой возможности конфликта интересов;

2) принимать меры по недопущению любой возможности возникновения конфликта интересов;

3) в письменной форме уведомить своего непосредственного начальника о возникшем конфликте интересов или о возможности его возникновения, как только Вам станет об этом известно;

4) принять меры по преодолению возникшего конфликта интересов по согласованию с непосредственным руководителем;

5) изменить служебные положения сотрудника, являющегося стороной конфликта интересов, вплоть до его отстранения от исполнения служебных обязанностей в установленном порядке, и (или) в отказе его от выгоды, явившейся причиной возникновения конфликта интересов;

6) образовать комиссию по соблюдению требований к служебному поведению и урегулированию конфликтов интересов. Каждый человек свободен в выборе своего решения. Но, как свободная личность, он не может не осознавать, что преступление должно быть наказано.

3. Ваши действия в случае предложения или вымогательства взятки

13. В случае предложения или вымогательства взятки:

1) вести себя крайне осторожно, вежливо, без заискивания, не допуская опрометчивых высказываний, которые могли бы трактоваться взяткодателем (взятковывмогателем) либо как готовность, либо как категорический отказ принять (дать) взятку;

2) внимательно выслушать и точно запомнить предложенные Вам условия (размеры сумм, наименование товаров и характер услуг, сроки и способы передачи взятки, форма подкупа, последовательность решения вопросов);

3) постараться перенести вопрос о времени и месте передачи взятки до следующей беседы и предложить хорошо знакомое Вам место для следующей встречи;

4) не берите инициативу в разговоре на себя, больше «работайте на прием», позволяйте потенциальному взяточполучателю (взятодателю) «выговориться», сообщить Вам как можно больше информации;

5) при наличии у Вас диктофона постараться записать (скрытно) предложение о взятке или ее вымогательстве.

4. Алгоритм действий работников после свершившегося факта предложения или вымогания взятки

14. По своему усмотрению работник может обратиться с устным или письменным заявлением в уполномоченный орган по противодействию коррупции или в Call-центр 1424.

15. Одной из форм сообщения о правонарушении коррупционного характера является анонимное обращение. Хотя в этом случае заявитель не может ввиду анонимности рассчитывать на получение ответа, а само анонимное обращение о преступлении не может служить поводом для возбуждения уголовного дела, за исключением случаев, когда в таком обращении содержатся сведения о готовящихся или совершенных уголовных правонарушениях.

16. При оформлении письменного заявления о факте предложения (вымогательства) работнику взятки или коммерческого подкупа необходимо точно указать:

1) кто из должностных лиц (фамилия, имя, отчество, должность, наименование учреждения) предлагает (вымогает) взятку или кто из представителей коммерческих структур толкает на совершение подкупа;

2) какова сумма и характер вымогаемой взятки (подкупа); за какие конкретно действия (или бездействие) предлагают (вымогают) взятку или совершается коммерческий подкуп;

3) в какое время, в каком месте и каким образом должна произойти непосредственная передача взятки или должен быть осуществлен коммерческий подкуп;

4) направить в установленном законодательством порядке;

5) в дальнейшем действовать в соответствии с указаниями уполномоченного органа по противодействию коррупции.

17. Наряду с обращением в уполномоченный орган по противодействию коррупции работники РГП «КазСтандарт» должны сообщить в антикоррупционную комплаенс - службу РГП «КазСтандарт» в письменном виде. При этом работники по мере возможности предоставляют доказательную базу по своим доводам (свидетели, документы, переписка, в том числе посредством мессенджеров, аудио и видео материалы и т.д.) и передают его в уполномоченный орган и руководству согласно алгоритму.